

**Қол қою парақтары мен азаматтардың қолдарын жинау нәтижелері жөніндегі қорытынды хаттамаларды сақтаудың тәртібі мен мерзімдері туралы**

Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының 2011 жылғы 13 қаңтардағы № 14/19 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2011 жылы 14 қаңтарда № 6732 тіркелді

«Республикалық референдум туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы 16-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасының республикалық референдумға қатысу құқығы бар, республикалық референдум тағайындау туралы бастамашылық білдірген азаматтары қолдарының растығын тексеру нәтижелері туралы аумақтық сайлау комиссияларының қорытынды хаттамалары мен Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының қорытынды хаттамасы Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясында **т ұ р а қ т ы с а қ т а у л ы б о л а д ы .**

2. Республикалық референдум тағайындау туралы бастамашылықпен тілек білдіруші, республикалық референдумға қатысу құқығы бар Қазақстан Республикасы азаматтарының қол қою парақтары Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясында құпия ақпарат негізінде референдумның бастамашыл тобынан құжаттар алынған күннен бастап үш ай бойы сақталады, ал кейіннен осы қаулыға қосымшаға **с ай а к т б о й ы н ш а ж о й ы л а д ы .**

Жою өртеу, балқыту, 2,5 шаршы сантиметрден аспайтын мөлшерде майдалап бөлшектеу, ұсақтау, еріту немесе химиялық ыдырату, қалыпсыз массаға немесе ұнтақ күйге **а й н а л д ы р у а р қ ы л ы жү р г і з і л е д і .**

3. Осы қаулы оның ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының хатшысы Б.С. Мелдешовке жүктелсін.

*Төрағасы* *Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы*  
*О р т а л ы қ с а й л а у к о м и с с и я с ы н ы ң*  
*Қ. Тұрғанқұлов*

*хатшысы* *Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы*  
*О р т а л ы қ с а й л а у к о м и с с и я с ы н ы ң*  
*Б. Мелдешов*

*« К е л і с і л д і »*  
*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы*  
*Б а й л а н ы с ж әне а қ п а р а т м и н и с т р і*

А. Қ. Жұмағалиев \_\_\_\_\_

2011 жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

О р т а л ы қ с а й л а у

к о м и с с и я с ы н ы ң

2 0 1 1 ж ы л ғ ы 1 3 қ а ң т а р д а ғ ы

№ 14/19 қаулысына қосымша

## АКТ

Астана қ.

2011 жылғы \_\_\_\_\_

Сақтауға

жатпайтын

құжаттарды

жою үшін бөліп шығару туралы

«Қол қою парақтары мен азаматтардың қолдарын жинау нәтижелері жөніндегі қорытынды хаттамаларды сақтаудың тәртібі мен мерзімдері туралы» Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының 2011 жылғы 13 қаңтар № 14/19 қаулысының негізінде ғылыми-тарихи құндылықтарының жоқтығына және белгіленген сақтау мерзімдерінің аяқталуына байланысты мынадай құжаттар жою үшін іріктеліп алынды:

Р/б №	Құжаттардың атауы	Құжаттардың саны (санмен және жазумен)
1		
2		

Құжаттар саны \_\_\_\_\_ (санмен және жазумен), салмағы \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ кг,

\_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ қабылдау-тапсыру жөнелтпе қағазы бойынша жою үшін тапсырылды.

\_\_\_\_\_ (Құжатты тапсырған ұжым қызметкері \_\_\_\_\_ (қолы) \_\_\_\_\_ (тегі, аты-жөні)  
\_\_\_\_\_ лауазымының атауы)

Құпия ақпарат негізінде сақтаулы құжаттарды жою кезінде \_\_\_\_\_ қатысты.

\_\_\_\_\_ (лауазым)

\_\_\_\_\_ (қолы)

\_\_\_\_\_ (тегі, аты-жөні)